# Ашық сабақ

Сабақтың тақырыбы: Ахмет Байтұрсынұлы.

# «Егіннің бастары»мысалы.

Сынып: 5 а

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі: О.Досхожаева.

2021-2022 оқу жылы

Тексірілді

| | |
|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: «Адамгершілік - асыл қасиет»** | Мектеп: Ж.Тәшенов жоббм |
| Күні:27.01.2022 | Мұғалімнің аты-жөні: О.Досхожаева. |
| Сынып: 5а | |
| Сабақтың тақырыбы | А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы |
| Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары | 5.Т/Ж1. Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау |
| Сабақ мақсаттары | **Тақырыпқа бейімделген мақсат**: «Егіннің бастары » мысал өлеңнің жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттайды.<br>**Барлық оқушылар орындай алады:**<br>«Егіннің бастары» шығармасының жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттайды<br>**Оқушылардың көпшілігіорындай алады:**<br>Мысал өлеңнің композициялық құрылысын талдайды<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>Өлеңді сюжеттік дамуына қарай сипаттап, өз сөзімен тұжырым жасайды |
| **Бағалау критерийлері** | • Өлеңді сюжеттік дамуына қарай сипаттайды<br>• Композициялық құрылысына талдайды. |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:** Оқушылар мәтінмен толық жұмыс жасап, ой қорыта алады.<br>**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** Егін, дән, пісім, тағзым, сарша тамыз, шекірейіп, тәкаппар, сұқтанба<br>**Диалог құруға (шығарма жазуға) қатысты пайдалы тіркестер:**<br>*«Менің білуімше, тәкаппарлық...»,*<br>*«Өйткені, мен оны..... түсіндіремін»,*<br>*«Мысалда былай баяндалған.....»,*<br>*«Қорытар болсам,........».* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***Талқылауға арналған сұрақтар:***<br>1. Қандай мінез сынға алынған?<br>2. Жағымды, оң мінездер туралы не айтасыз?<br>3. Мысал мазмұнан нені үйренуге болады?<br>4. Бидай сияқты адамдар өмірде кездесе ме? | | | |
| Құндылыққа баулу | Тарихтың, тілдің, мәдениеттің біртұтастығы құндылық тарын негізге ала отырып еңбекке, адамгершілікке баулу | | | |
| Пәнаралық байланыс | Тарих, өзін-өзі тану, қазақ тілі, еңбек | | | |
| Алдыңғы оқу | А.Байтұрсынұлы шығармасындағы автор бейнесін анықтай алады. | | | |
| | | Жоспар | | |
| Сабақтың кезеңі | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| **Сабақтың басы 7 мин.** | Психологиялық жағымды ахуал тұғызу **«Суреттер аллеясы»** арқылы дәнді дақылдардың суреттері арқылы топқа бірігу.<br>Қайталау мақсатындағы ширату жаттығуын жасату **«Зуылдақ»** әдісі арқылы бидай, егін туралы.<br>Жұмыс мақсаты: Бірін-бірі тыңдау арқылы жүйелі ой айту.<br>Оқу мақсаты мен бағалау критерийлерімен таныстыру | Жақсы тілектер арқылы сабаққа сәтілік тілеу | ҚБ<br><br> | Суреттер<br><br>АКТ |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**5 мин** | **Тыңдалым алды**<br>**Түрткі сұрақтар:**<br>1. Ауыл шаруашылығы, егіншілік туралы не айтар едіңіз?<br>2. Мінез туралы айтыңыз?<br>3. Тәкаппарлық туралы не айтар едіңіз? | | | Суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **5 мин** | *Әр оқушы сұрақтарға жауап береді.*<br>***Ықтимал жауаптар:***<br>*1. Диқанның өсірген өнімін егін дейміз.*<br>*2. Мынадай мінездің түрлері бар: тәкаппарлық, жайдары, жұмсақтық, қатыгездік, т.б.*<br>*3. Ешкімді менсінбейтін адам мінезін тәкаппарлық дейміз.*<br>**Тыңдалым кезі**<br>**1-Тапсырма: Мәтінмен жұмыс (8 тыңдалым)Өзім оқимын**<br>**Егіннің бастары**<br>Бір адам жас баласын жанына алды,<br>Екеуі сайран етіп кетіп қалды.<br>Қыдырып әрлі-берлі жүрді-дағы,<br>Егінші егін еккен жерге барды.<br>Аралап әр егінді қарап жүрді,<br>Кез еді пісіп болған егін түрлі.<br>Бастарын дәнге толған төмен салып,<br>Бидайлар бейне тағзым етіп тұрды.<br>Жалғыз-ақ бір Бидай тұр көкке қарап,<br>Бейне бір жалғыз өзін көпке балап.<br>Баланың сол Бидайға көзі түсіп,<br>Білмекке кетті көңіл жөнін сұрап.<br>Құбылып бидайлар тұр басын салып,<br>Жіберген мырза Құдай нұрға қанып.<br>«Әй, әке, мұның мәнін түсіндірші,<br>Бір іске тұрмын өзім қайран қалып.<br>Бұл Бидай көтеріп тұр басын көкке, | *Әр оқушы сұрақтарға жауап береді.*<br><br>Оқулықпен жұмыс | ҚБ<br><br><br>ҚБ<br><br> | АКТ<br><br>Оқулық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қарайды шікірейіп өзге көпке.<br>Өзі не өзгелерді теңгермейтін,<br>Сонша ма бұл Бидайдың дәні көп пе?»<br>«Айтайын мұның мәнін, балам, саған,<br>Шырағым, түрін көріп таңданба оған.<br>Өзгесі төмен қарап бүгілгенге,<br>Ойлама кем екен деп бәрі сонан»<br>Және де әкесі айтты баласына:<br>«Сұқтанба құр сорайған қарасына.<br>Құдайым өзгесіне дән берген де,<br>Бұл Бидай дәнсіз қапты арасында.<br>Бидайлар басы толық иіліп тұр,<br>Дән берген қожасына сыйынып тұр.<br>Басын да бұл Бидайдың дәні болмай,<br>Кекірейіп, көкке қарап бұлініп тұр.<br>Елде көп бұл Бидайдай адам, – дейді,<br>Тәкаппар, оны халық, жаман, – дейді.<br>Қалпы емес тәккапарлық данышпанның,<br>Тұтынба бұл мінезді, балам», – дейді.<br><br>**Сөздікпен жұмыс:** Өте ыстық - сарша тамыз. Көкке қарап – аспанға қарап. Шекірейіп, кекірейіп – басқаларды менсінбей. Сұқтанба – мұнда: таңданып қарама. Тәкаппар – ешкімді менсінбейді. Пісім – егіннің толық піскен кезі | | | |
| **7 мин** | **Т.Ж. 2-тапсырма «Егіннің бастары»** өлеңін **«Шығарма пирамидасы»** арқылы композициялық құрылысына талдау жасау | Талдау жасайды топпен жұмыс | | Маркер,ақ қағаздар |

Шешімі

Шарықтау шегі

Шиеленісуі

Дамуы

Басталуы

***Ықтимал жауап:***

| Композиция | |
|---|---|
| **Басталуы** | *Егінші баласымен егінді аралауы. Иілген бидайды көруі.* |
| **Дамуы** | *Бала егін арсынан басын көкке көтеріп түрған бидайды көріп, себебін білгісі келуі.* |
| **Шиеленісуі** | *Бидайдың басын көтеріп,кербезденіп тұру себебін әкесінен сұрауы.* |
| **Шарықтау шегі** | *Әкесі бидайдың бұл көрінісін түсіндіруі* |
| **Шешімі** | *Тәкаппарлық жаман мінез екенін ескерте отырып айтады.* |

**Ж.Ж.** Композиция бойынша өлеңді жұбыңызға өз сөзіңізбен әңгімелеңіз.

**Дескриптор:**

1. Шығармадағы эпизодтарды композициялық құрылымына жіктейді.

2.Жұбына өлеңнің сюжеттік дамуын өз сөзімен

Микрофон

Бағалау




Маркер,ақ қағаздар

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **5 мин**<br><br>**5 мин** | әңгімелейді.<br>**Тыңдалым соңы**<br>**3-тапсырма «Серпілген сауал» әдісі**<br>1. Қандай мінез сынға алынған?<br>2. Жағымды, оң мінездер туралы не айтасыз?<br>3. Мысал мазмұнан нені үйренуге болады?<br>4. Бидай сияқты адамдар өмірде кездесе ме?<br>**Дескриптор:**<br>1. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.<br>2. Өмірмен байланыстыра отырып тұжырым жасайды.<br>***Ықтимал тұжырым***: *Бидайдың басын көкке көтергені – дақылының жоқтығы, жігіттің басын көкке көтергені – ақылының жоқтығы.*<br>**«Стикердегі диалог»** әдісі арқылы өз көзқарастары мен тұжырымдарын жасайды.<br>*«Менің білуімше, тәкаппарлық...»,*<br>*«Өйткені, мен оны..... түсіндіремін»,*<br>*«Мысалда былай баяндалған.....»,*<br>*«Қорытар болсам,.......».*<br>***Ықтимал жауап:***<br>*«Менің білуімше, тәкаппарлық жаман әдет, мінез. Өйткені, мен оны А.Байтұрсынұлының мысалынан түсіндіремін.* | Сұрақтар қояды<br><br>Өз жұптарымен өлеңді талдайды<br><br>Өз ойларын жазады | Стикер<br><br> | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *«Мысалда былай баяндалған.....»,*<br>Ел де көп бұл Бидайдай адам, – дейді,<br>Тәкаппар, оны халық, жаман, – дейді.<br>Қалпы емес тәккапарлық данышпанның,<br>Тұтынба бұл мінезді, балам», – дейді.<br>*Қорытындылай келе, бидайдың басын көкке көтергені – дақылының жоқтығы, жігіттің басын көкке көтергені – ақылының жоқтығы, қысқасы – ақымақтық .*<br>**Дескриптор:**<br>1. Өлеңнің сюжеттік дамуын сипаттайды.<br>2. Өмірмен байланыстыра отырып тұжырым жасайды. | | | |
| **Сабақтың соңы 6 мин** | Сабақ соңында оқушылардың тақырыпты меңгеру деңгейін анықтау үшін **Авторға хат жолдау әдісін** пайдаланамын<br><br>**Кері байланыс:** Екі жұлдыз, бір тілек | Өз ойларымен бөліседі. |  | Кесте |

| | | |
|---|---|---|
| Қосымша мәлімет | | |
| Саралау оқушыға мейлінше қолдау көрстуді қалай жоспарлайсыз<br>Қабілеттіоқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз | Бағалау оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз | Пәнаралық байланыс<br>Денсаулық және қауіпсіздік<br>АКТ мен байланыс<br>Құндылықтармен байланыс<br>тәрбие элемент |
| «Шығарма пирамидасы» әдісінде оқушылардың қабілеті ескеріле отырып, түрлі деңгейде екендігі | Өлең мазмұнын түсінеді.<br>Композициялық құрылысына | Тарихтың, тілдің, мәдениеттің біртұтастығы құндылықтарын |

| | | |
|---|---|---|
| сараланады.Тапсырма барысында бірі шығарма дамуын сипаттаса, енді бірі сюжеттік дамуына тоқталады, кейбірі оқиғаның шешімін сипаттап,тұжырым жасап сараланады. | талдайды.<br>Өлеңді сюжеттік дамуына қарай сипаттап, өз сөзімен тұжырым жасайды.<br>«Басбармақ»,<br>«Иық қағу» арқылы кері байланыс беріледі .<br>Критерий арқылы бағаланады. | негізге ала отырып, еңбекке б<br>Тарих, қазақ тілі, өзін-өзі тану,<br>еңбек<br>АКТ |

| | |
|---|---|
| Рефлексия<br>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттерәорындалды ма<br>Бүгін оқушылар не үйренді<br>Сабақ қалай өтті қандай деңгейде өтті<br>Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма<br>Тапсырмалар сәйкес болды ма<br>Уақытты қалай пайдаландым. Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге | Өз сабағыңызды талдау үшін осы бос орынды пайдаланыңыз<br>Сол жақта берілген сұрақтарға жауап беріңіз |

| |
|---|
| Қорытынды бағалау<br>*Ең жақсы өткен екі нәрсе оқыту мен оқуға қатысты*<br><br>*Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың бұдан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді оқыту мен оқуға қатысты*<br><br>*Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім.* |







Ахмет Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысал өлеңі сабағынан көріністер.27.01.2022ж











